

Білім және ғылым министрлігі
Жамбыл политехникалық колледжі

Тақырыбы: Жоламан Тіленшіұлы және
Саржан Қасымұлы бастаған көтерілістер

Орындаған: Қосыбаев А.
Қабылдаған: Тайлиева Г.

Көтерілістің басталуы

Кезеңдері

*1. Патша үкіметіне
жазынған
сұлтандар мен
билердің
ауылын шауып
алудан*

*2. Шекара
шебіндегі
әскерилерге*

*3. Патша
үкіметі
жасақтарына*

Саржан Қасымұлы бастаған қозғалыс (1825—1836 жылдары)



Саржан сұлтанның көтерілісі (1825 — 36) — Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. Хандық биліктің жойылуына байланысты окр. және шекаралық ресейлік басқару мекемелері ашылып, әскери бекіністер салына бастады. Көтерілістің шығуына Солт. Қазақстандағы суы мен жайылымы мол Есіл өз-нің бойындағы жерлердің орыс-казак шаруаларына берілуі және алым-салықтың өсуі де қатты әсер етті. Саржанның Қытайдағы Цинь үкіметімен қарым-қатынас орнату әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Ол інісі Есенгелдімен бірге казак ауылдарында халықты ашық бас көтеруге үгіттеп, 1825 ж. Қарқаралы окр-не қарасты Қарпық болыстығы қазақтарының көтеріліске шығуына ұйытқы болды. Қарулы жасақтар Саржан сұлтанның басшылығымен окр. приказдарға, керуен жолдарына тұтқиылдан шабуыл жасап, жергілікті билік орындарын әбігерге түсірді. Жасақтар қатарында Саржанның інісі Кенесары да болды.




1826 ж. 31 қаңтарда Бат. Сібір ген.-
губернаторы П. М.


Капцевичтің бұйрығына сәйкес
жіберілген 200 казактан жасақталған
жазалаушы жасақпен Саржан бастаған
көтерілісшілер арасында шайқас болып,
көтерілісшілер жеңіліс тапты. Бірқатар
көтерілісшілер тұтқынға түсті.

Қудалаудан құтылу үшін Саржан өз қол
астындағы көптеген ауылдармен
Орынбор шебіне қарай көшіп, Кіші
жүз қазақтарын өз жағына тарту
бағытында жұмыстар жүргізді.

Көтерілістің басталу себептері:







Орынбор ген-губернаторы Саржан сұлтанды Кіші жүздегі “барлық мазасыздыққа басты кінәлі” деп бағалап, оның мұндай әрекетіне тосқауыл қоюға әрекеттенді. Бұған қарамастан көтерілісшілер қатарына Кіші жүз қазақтарымен қоса қашқын орыс, татар, башқұрттар да қосылды. Саржан Қоқан, Хиуа хандықтарымен және Бұхар әмірлігімен байланыс орнатты.

Саржан жасақтары барған сайын жаңа көтерілісшілермен толығып отырды. Оның жасақтарының бірін басқарған сұлтан Абылай Ғаббасов Қарқаралы окр-не жорықтар ұйымдастырды. Көкшетау окр-нде сұлтан Сартай Шыңғысов Саржанға қолдау білдіретіндігін танытып, ондағы халық көтерілісіне басшылық жасады.



Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс

Қазақ халқының 19 ғасырдың 20 – 30-жылдарындағы Ресей империясың отаршыл саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, халық батыры. Кіші жүз құрамындағы Жетіру тайпалары бірлестігінің табын руынан шыққан. 19 ғасырдың 20-жылдарының басында Ресей империясының Орынбор әкімшілігі Елек өзенінің бойындағы табын руының жерлерін тартып алып, бекіністер сала бастайды. Орал, Елек, Бердянка, Құраты өзендерінің бойында 29 бекініс бой көтеріп, ол Жаңа Елек шебі деп аталды.



Отан тарихында Ресей еліне қарсы бағытталған көтерілістердің көп болғаны белгілі. Солардың бірі 1822-1824 жылдары Батыс Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық күрестің Отан тарихында алатын орны ерекше екендігін айта кеткен жөн. Бұл қозғалыс патша үкіметіне қарсы бағытталған алғашқы және ірі көтерілістердің бірі болып саналады. Ол бастауын Батыс Қазақстаннан алып кейін тамырын республика бойынша кең жайып үлгерді.

«Шағын көтеріліс ауқымынан шығып, жақсы ұйымдастырылған қозғалыс деңгейінде болды. Ол үлкен аумақты қамтыды, негізінен бір ру өкілдері қатысқанына қарамастан өте ауқымды болып табылды.



1822-1825 жж. қозғалыс солтүстікте Батыс Қазақстандағы Елек, Қобда, Шыңғырлау т.б. өңірлерден бастап оңтүстікте – Жем, Сағыз, Ойыл, Темір бойлары және ішінара Солтүстік Үстіртке дейінгі аралықты қамтыса, 1837-1840 жж. Ырғыз, Торғай, Қаракұм өңірлеріне де тарады. Осы соңғы кезеңде көтеріліске алдыңғы Табын, Тама, Ақкете руларынан басқа Шөмекей, Төртқара, Шекті және Қыпшақ руларының бөлімдері де қосылды» деп аталмыш көтеріліс туралы зерттеп жүрген Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Нұржан Жетпісбай өз баяндамасында атап өтеді. Сондықтан да Батыс Қазақстанда орын алған бұл көтерілістің қазақ тарихында алатын орны зор болып саналады.





Бұл ұлт азаттық күресті ұлтымызға есімі кеңінен белгілі Жоламан Тіленшіұлы батыр бастаған. Жоламан қолбасшының әкесі – Тіленші Бөкенбайұлы, атасы – Бөкенбай қазақ халқына батырлығы мен мәрттігімен есімдері танымал тұлғалар. Міне, осы жолды қуған ұрпағы да кең даладағы қазақ халқының бір бөлігін бастап отаршыл елге қарсы үлкен күрестердің бірін басқарды. Бүгінгі таңда тәуелсіз ел атанып отырғанымыз осы ұлы бабаларымыздың арқасы десек артық айтпағанымыз.

A scroll of parchment is shown, unrolled to reveal a central area with text. The scroll is held by wooden rods at the top and bottom, with leather straps and buckles securing it. The parchment is aged and yellowed. The text is written in a bold, black, serif font.

Назарларыңызға рахмет !!!